



# РУХАНИ ЖАНҚЫРУ

«Нұр-Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығы

2023-2024 оку жылы

Бекітесін:  
«Нұр-Бобек» мектепке деңгөнің шағын  
орталығы менгерушісі

Г.Е.Бейсеева



**2023- 2024 оку жылы**

1.	« 1-қыркүйек – білім күні» топтардың ашық сабактары	Қыркүйек 2023 ж.	Топ тәрбиешілері
2.	«Тіл мерекесі» «Тілім менің- тірлігімнің айғасы»	Қыркүйек 2023 ж.	Әдіскер Топ тәрбиешілері
3.	«Рухани казына» мұғалімдер күніне дәңгелек устел	Қазан 2023 ж.	Әдіскер Топ тәрбиешілері
4.	«Рухани тәрбие- құндылық көзі» бағандама	Желтоқсан 2023 ж.	Әдіскер Топ тәрбиешілері Пән мұғалімдері
5.	«Алтын күз» ертеңгілігі	Қазан-қараша 2023 ж.	Әдіскер Топ тәрбиешілері
6.	«Рухани жаңғыру- жеке тұлғага рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі» бағандама	Желтоқсан 2023 ж.	Әдіскер Топ тәрбиешілері
7.	«Тәуелсіздік- тенденсі жок байлығым» тақырыбындағы іс-шара	Желтоқсан 2023 ж.	Топ тәрбиешілері
8.	«Кош келдін Жаңа жыл» ертеңгілігі	Желтоқсан 2023 ж.	Топ тәрбиешілері
9.	«Жан анам менің» ертеңгілігі	Наурыз 2024 ж.	Топ тәрбиешілері
10.	« «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мерекесі	Наурыз 2024 ж.	Орталық әкімшілік Барлық қызметкерлер
11.	«Біз мектепке барамыз » музыкалық ертеңгілік	Мамыр 2024 ж.	Топ тәрбиешілері
12.	Жаңғы маусым іс- шараларын бекіту	Маусым 2024 ж.	Әкімшілік
13.	«Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мактапнышымыз» ашық сабак	Маусым 2024 ж.	Топ тәрбиешілері
14.	1-Маусым балаларды корғау күніне арналған музыкалық ойын- сұық мерекесі	Маусым 2024 ж.	Әкімшілік Топ тәрбиешілері
15.	Жоспар бойынша жазғы сауықтыру, шынықтыру іс- шараларын откізу	Маусым- тамыз 2024ж.	Тәрбиешілер

## **Рухани жаңғыру – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі**

Жақсы мінез беру – бұлар адамгершілік қасиеттер.  
(Ыбырай Алтынсарин)

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашакка бағдар: рухани жаңғыру» атты макаласы үлгітің алдағы кезеңдегі жүріп етер айқын жолын корсеткен тарихи құжатта айналды. Сана сезімі биік, дуниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің күнділігін түсінген адамға бұл мақалада үлгітің алдағы кезеңдегі жүріп етер бағыт жолы айқындалған.

Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайыл келгенде, когам жаңғыруының ең күрделі, ең қыны саласы. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне не болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы зандардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселе сінімділікке жаңаша ойлаумен қарауды талаң етеді. Қазақстан Республикасының орга білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде казақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде күру керек» деп баса көрсетті. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сініру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибелік қолданылып жүргені бәрімізге аян. Өздеріңізге белгілі қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті үрпақ тәрбиелеу басты назарда болып отыр.

Ал адамның жан қазынасын, адамгершілік болмысын қалыптастыруда кей адамдардың түрлі жағдайлармен бір-бірін түсінбеуі де сіз беру бізді толғанырады. Өйткені біз сол когамның ішіндеміз, яғни оның мүшесіміз. Иа, бұнын бәрі шындық десек артық болмас. Бәсекеге қабілетті үрпақты жан-жақты қылыш тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек шығар.

Оқыту, білім беру, тәрбиелеу – баланың ішкі жан – дуниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, тұртқи болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, үлттымыздың болашағы – бүтінгі мектеп қабыргасында отырган бүлдіршіндер екені малім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез- келген мектептің мақсаты мен мұрагаты өркениетті елдердің катарапынан көріну, жер мен жер байлыктарын ысырапқа салмай игерे білетін үрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүтінгі жас үрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, үлттың тарихын, мәдениеттің, салт-дәстүрін, табигат ерекшеліктерін етепе таныстыру қажет.

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қасиеттерін көштіңде оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» – деп Әл-Фараби айтканда, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі – тәрбие.

Үрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне танда дарапанып тұратын ерекшелігінің бірі – тәрбие.

Тәрбие – мәңгілік және адамзаттық... Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, үрпақтан үрпаққа мирасқа қалып отырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік күнділіктерге негізделеді. Адам – ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен корікті.

Мәдениет жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселе сінімділікте жас үрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құиды қасиеттерге не болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның тұған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш тұзу есу үшін оған көштіңде комектесуге болады, ал улken ағаш болғанда оны тұзете алмайсын» деп бекер айтылмаған. Сондыктан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, кайрыымдылық, яғни адамгершілік күнді қасиеттердің сініріп, ез – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата – аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші

жагынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қызықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінді.

Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. Адамгершілік – адам бойындағы си асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз – өзін сыйламайды.

Рухани – адамгершілік тәрбисе – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жексе тұлғаның әдеп үстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дастурлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Окушыларды рухани – адамгершілікке тәрбиелу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жақсы адет, мінез – құлықтың қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани – адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани – адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жана қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Рухани – адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Жас үрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сініру ата – ана мен ұстазлардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – қалқында, отбасында, олардың өнерлерінде, адет – ғүрпінде. Әр адам адамгершілікті қүнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаган табиғаттан бойына сініреді.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға куаныш пен бақыт берे білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан – жақты терең білім беріп, оның журегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұлтата білсек, ертengі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзкарасының қалыптасусына, айналасымен санасусына ықпал етері сезіз.

Рухани – адамгершілік білім беру – жас үрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, тәзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орыннан табуына, қабілет – дарынының ашыла түсінен, ақыл – парасатын дамытуына яғни сәнді де манді өмір сүруіне қызмет етеді.

Адамгершілік тәрбисе окушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендірелі. Окушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, сибек процесінде іске асырганда адамгершілік олардың сенімінде айналады. Адамгершілік катынастар моральдық нормалармен елшінеді. Моральдың негізгі міндеті – адамиң мінез-құлқын тәрбиелеу, осы арқылы олардың бойында әдеп сақтау катынастарын қалыптастыру, адам мен қоғам арасындағы катынасты реттеу.

Адамгершілік тәрбисе окушылардың моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық дағдылары мен әдептерін қалыптастырады. Әл-Фараби “Адам өз өмірінің қожасы, сондыктан өз бағытын өзі жасауы керек. Ол не нерсеге де ұқыптылықпен қарап, жигантергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мұдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамиң ғана ар-ожданы таза болады” деген

Бүгінгі таңдағы Қазакстан жайында окушылардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті ғылыми маңызы зор. Осыған байланысты оку-тәрбие үрдісінде окушыларды отансүйгіштікке, срлікке, адалдыққа, елін, жерін коргаута, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет. Қазіргі жағдайда рухани-азаматтық тәрбиенің олшемдіккө көрсеткіштері:

- Озін-озі мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі;
- Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің болуы;
- Мемлекеттік рәміздер мен халықтың дастурлерін білу;
- Халықтың откен тарихын білудің қажеттілігі;

-Қазак халкының әдет-ғұрыптарын сактау, мәдениеті мен дәстурлерін зерделсүй кәжеттілігі болып табылады.

Тәрбиенің жалпы негізі рухани-азаматтық құндылықтары болуы керек.

Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы карым катынас кезінде бала бойына дариды

Ал мұғалімнің басты мақсаты – өзіндік рухани азаматтық құндылықтарын окушы бойына дарытпа отырып оның жүрек түкпіріндегі рухани казынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабактан тыс уақыттағы біздін ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын окушыларды рухани – адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру.

Мектеп қабыргасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде оз орын табады

Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық талім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек Сонда жас ұрпақ елі үшін

елен қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлтық нормалары ережелерінен тұрады.

Олар адамдардың іс-қылыштарынан, мінез-құлыштарынан көрінеді, моральдық озара қарым-катынастарды баскарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам иғлігі үшін адам еңбек ету, озара кемек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұлсананың, сезімдердің, мінез-құлтық пен өзара қарым-катынастың белінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады

Баланың өмірге белсенді қозқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді.

Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады.

Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты үйімдестіру процесінде, ойын және оку ісінде жоспарлы түрде іске асады. Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, үйімдегі қарым-катынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бүрын, қоғам туралы алғашкы үғымдарының қалыптасынуна, жақын адамдардың озара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенин халқымыз ежелден бағалай білген. «Жақсымен жолдас болсаң- жетерсін мұратқа, жаманмен жолдас болсан- каларсың үятқа...»

«Жаман дос, жолдасын калдырап жауға» — деген макалдардан көруге болады. Мақал-мәтілдер, жұмбак, айтыс, олендер адамгершілік тәрбиенін арқауы. Үлкенде сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашак ұрпакты ізгілік бессігіне болейтін руханият дәүіріне жана қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің иттихаді адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-катынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-катынасы, қозқарасымен сипатталады.

Адамгершілік тақырыбы- мәнгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың онерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті қунделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін коршаған табиғаттан бойына сініреді . Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпак тәрбиелеу.

Үрпак тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жакты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің қоғам алдындағы борышымыз. Қазір қоғам жан-жакты үйлесімді жетілген жана үрпакты — жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы — заман талабы. Өйткені «Әр адам — өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындаиды. Окушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескерсе отырып, жетілген үрпак тәрбиелеу үшін мыналай міндеттерді орындауымыз керек:

- енбек сүйгіштікке, енбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымластыру;
- тұрмыстарғы, үй шаруашылығындағы енбекке күлшынысын арттыру;
- өзіне-өзі қызмет ету дагдыларына үйрету;
- отбасы мүшелеңімен өзара дұрыс қарым-катаңасын, тіл табысын, түсінісүін, бірін-бірі тұндаап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
- окушының оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-эрекеттерінің жағымды жақтарына көніл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көніл-күйді табу;
- окушының сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, козғау салу;
- окушылардың сабактар бойынша алған білім, білік дағдыларын одан әрі да-мытып, терендету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
- окушыларды сөйлесту арқылы кейіпкерлердің іс-эрекетін салыстыру, корытындылау, бағалауға үйрету;
- окушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру.

Тұлғаны рухани –азаматтықта тәрбиелеудін манызы зор екенін осыдан көруге болады. Адамгершілік тәрбиенін, адам бойында осы жаксы касиеттердің болуы, жаңұяға, есken ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, он бағыт беріп, теріс жерін дереу жондең, демеп жіберу ата – ана мен тәрбиешіге жүктелер міндет. “Адам бойында жаксы касиеттер көп болса, оған бак та, бақытта конады” деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылыш – касиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген кайырымды істер жасап, жаксы мінез – құлыштарды ен бойына жинап, ақылдылық танытсан, міне адамшылдық болғаны. Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындаап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеуде осы заманының талабына сай үйлесімді деңгейді қайта күруды міндеттейді. Тәрбие мен оку егіз дегендей «Тәрбие бар жердеғана сапалы білім саналы үрпак болады» деген дана халқымыздың макал сөзі де айқын

## Рухани тәрбие — құндылық мәні

Болашакта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүтінгі күн тәртібінде тұрған манызды мәселенің бірі. Олардың отансұйғаштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, аскак адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дагдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар аркылы қалыптастыру – үлкен қажеттілік екендігін ел президенті Нұрсұлтан Назарбаев үнемі еске салады.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру. Қазақстан Республикасы жалпы білім беру тұжырымдамасында жеке адамның рухани және күш-куат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндеттінің ерекше аталуы біз көтерген мәселенін қоғам талабынан туындала отыргандығын дәлелдейді. Оның үстінсі қоғамдағы рухани құндылықтардың табиғаты, мәні және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеулердің адамгершілік пен руханилық мәселелерімен тікелей байланысты қарастырылып, осы кезге дейін күн тәртібінен түспеуі біздің мәселе міздің өзектілігін арттыра түседі. Өйткені, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселелері көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған.

Рухани-адамгершілік тәрбисі қоғамның барлық салынында зерттеу нысаны болып отырғаны баршаға белгілі. Рухани-адамгершілік құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазак ғұламаларының, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтарының ой-пікірлері мен көзқарастары бар. Бүтінгі таңда сұраныс қоғамдағы ізгілікке, руханилық бет бүргазып, оқу-тәрбие жұмысын рухани-адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырып, жоғары сыйныш оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігін айқындала отыр.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын суноге үретеді. Рухани тәрбис – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдет үстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жаксы әдет, мінез-құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне асер ету аркылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптасады.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» – деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге не болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың тұғанынан басталуы керек. Хатыкта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде кемектесуге болады, ал, үлкен ағаш болғанда оны тузете алмайсың» деп бескөр айттылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастанынан ізгілік, мейірімділік, қайрымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сініріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль аткарады.

Осы мақсатта мектептегі балаларды адамгершілік сана-сезімін оятып, жағымды мінез-құлқын қалыптастыруды «Мен Отанымды сүйемін», «Сабырлық пен ұстамдылық», «Ойнайык та, ойлайык!» ойын-сабактары өтті. Мұның бәрі аламгершілікке бағытталды.

Халқымыз «баланы ойын өсіреді» деген сөзі тегін айттылмаса керек. Бала ойнап жүріп, ойланады, жүйесі тынығады, ойы сергиді, денесі шымырланады. Өздерінің құрбы-құрластарымен жақсы араласуды үйренеді. Сан алуан ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып, жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қыншылықтан қорықпауға, максатқа жетуде төзімділікті үлгайтуға тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Ең бастысы, ойын баланы жан-жакты, тез ойланып шешім қабылдауга, ойын шынышыл ойнауга кешірімді, жаңашырлыққа тәрбиелейтін анық.

Рухани-адамгершілік білім беру – жас үрпактың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсіүне, ақыл-парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. «Жұмыла көтерген жүк женіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындағы міндеттерді іске асырушылар – мектеп мекемелері мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабактаса, үштаса откізілгенде гана көздеген максат нәтижелі болары сезсіз. Бүтінгі жаңа қоғам мұддесіне лайықты, жан-жакты жетілген, бойында үлттық сана, үлттық психология қалыптасқан ертengі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабакшаның, мектептің, барша халықтың міндеті.

Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, оскен ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, он бағыт беріп, теріс жерін дерсу жәндеп, демеп жіберу ата-ана мен оқытушыға жүктелер міндет. «Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақыт та конады» деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылыштар болса одан арылту кажет.

## **Рухани жаңғыру - ұлттың жаңғыруы.**

**Рухани жаңғыру** – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жана өзгерісті кабылдай білуі.

«Жаңғыру» атаулыга бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден карамауга тиіспіз. Керінше, замана сынынан сүрінбей откен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қыннаң киыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашактың көкжиектерін үйлесімді сабактастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын ның басуын, болашакқа сеніммен бет алуын қалаймын.

Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір казакстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтер едім.

### **1. Бәсекелік қабілет**

Казіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттыrsa ғана табыска жетуге мүмкіндік алады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы.

Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір казакстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырга лайықты қасиеттерге ие болуы керек.

Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Уш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлттымызды, яғни барша казақстандыктарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

### **2. Прагматизм**

Халқымыз ғасырлар бойы тұган жердің табигатын көздің қарашығындей сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын тенденсі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек откен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Багзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм

санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шебінің басы тұлпарлардың тұягымен гана тапталған даланың барлық құнары күрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арап теңізі аңқасы кепкен ку медиен шөлге айналды. Осының бәрі – жерге аса немкүрайлы қараудың ачы мысалы. Біз жанғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сінген, бүгіндегі тамырымызда бүлкілдең жаткан ізгі қасиеттерді қайта тулетуіміз керек.

Прагматизм – өзіннің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағынды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылықка, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз.

Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Накты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі.

Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде үмтүлмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді күрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады. Әкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымында күйреді. Бүгіндегі радикалды идеологиялар ғасыры келмеске кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек.

Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындағы бағдарлар гана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдін мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, реализм мен прагматизм гана таяу онжылдықтардың ұраны болуга жарайды.

### 3. Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық жанғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін көнегіту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат қырып тұрған жанғыру үлгілерінің қандай катері болуы мүмкін? Қатер жанғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде карастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзben айтқанда ұлттық рухымыз бойымында мәнгі қалуға тиіс. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби

біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қогам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жен ұшынан жалғасқан тамыр-тәністықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздагы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес.

Мен қазақстанның ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын.

Бірінші – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жанғыру болмайды.

Екінші – алға басу

#### 4. Білімнің салтанат құруы

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуга ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тауелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мындаған жасты әлемнің мандайалды университеттерінде оқытып, дайындағық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі біркетар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуга тиіс. Оның айқын да, үлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді.

Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін негұрлым қиналмай, женіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табыска жетеді. Осыны бек түсінгендейтін, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, күндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік коятын үлт қана табыска жетеді.

#### 5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Индустріяландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылудын, жана интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады. Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жанғыру болды. Бірақ, бұл ұлттың емес, аумақтың жанғыруы еді. Біз тарихтың сабакын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбекейлі өзгерді. Біздің кешегі тарихымыз үлтартпас бір ақиқатқа эволюциялық даму ғана үлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабак ала білмесек, тағы да тарихтың темір қакпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қагидасы әрбір қазақстанның жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ, қогамның эволюциялық дамуы қафіда ретінде мәнгі тұмшаланудың синонимі емес. Сол себепті, тарихтың азы

сабагын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрыкша манызды.

Бүгінде революциялар өнін өзгеріп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірак, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз. Сондықтан, әлемдегі оқигаларды ой елегінен өткізіп, корытынды жасау – қогамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі.

## 6. Сананың ашықтығы

Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды. Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туган тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармагай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді кажет етпейтіндей. Еуропалық Одактың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаган қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма? Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты. Бірак, мәселе бұған да тіреліп тұрған жок. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзінде қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспа, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбекейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядагы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз ұлгасі.

«Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қансық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстын кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.

Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, күрлекта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды.

Көкжиектің аргы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірката ұстанымдарымызды түбекейлі қайта қаруға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.

## 7. Тау жылдардағы міндеттер

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты

жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге негұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұкият дайындалдық. Қазақ тілінің әліпбі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді.

Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбі тарала бастады. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қогам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге ариалған оқулықтарды дайындауға кірісіміз қажет.

Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс. Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады.

Екіншіден, қогамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз. Оның мәні мынада:

1. Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялды қауым өкілдері еліміздің жоғары оку орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашакты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет.
2. Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулыкты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз.
3. Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру керек. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн. Бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз? Ең алдымен, жүз мындаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге негұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жангырудың негізгі қағидаларын қогамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім орталарының аудиторияларында қаланады.

Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзак жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауга мәжбүр болдык. Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ак жемісін бере бастайды. Сол себепті, уақыт ұттырмай, ең заманауи, тандаулы ұлгілерді алып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылыш, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сұру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төргे өзды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға тубегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің тендересіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас үрпак жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі үмтүліс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сұру үшін өзгере білу керек. Оған көнбекендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.



ЖШС «Нұр-Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығының педагогикалық  
кенесі отырысының хаттамасы №4

16.02.2024 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - Г.Е.Бейссеева.

Хатшысы - Б.Сейкәрім

Катыскандар - 6

## Күн тәртібі

### Педагогикалық кеңестің күн тәртібі.

1. «Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденисін дамыту» (өз тәжірибелерімен белісу).
2. «Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» (шығармашылық есеп).
3. Шебер сыйниш: «Сурет салу техникасы».

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық әдіскері Г.Бейссеева тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту бағыты бойынша шығармашылық дағды мен зерттеу іс-әрекетіне тоқталып өтті. Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті күн сайын балалардың қызыгуышылдыстарын ескере отырып, үйымдастырылады, мұнда бірнеше іс-әрекет түрі қатар журуі мүмкін немесе көшілігінің қалауы бойынша барлығы бір іс-әрекет түрімен айналысұна мүмкіндік беретіндігін атап көрсетті.

«Балдырган» ересек тобынын тәрбиешісі Б.Сейткәрім «Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» тақырыбында өзінің шығармашылық есебімен белісті,

Балалардың шығармашылық киялты мен қабілеттін дамыту, олардың практикалық дағдыларын иемденуі сабилік кезеңнен басталады. Балалар тілді менгерге отырып, заттарды, олардың қасиеттері, белгілері туралы білімді игерे бастайды. Мектепке дейінгі балаларға ариалған көркем шығармалар баланы шынайы болмысты накты әрекеттімен таныстыра отырып, оны көркемдеп, баяндап, баланың сөздік қорын молайтып, тілін байытады, көркем өнерге қызыгуышылдығын арттырып, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балалар сурет өнерімен жалпы тоғтың үйымдастырылған іс-әрекетінен тыста, ойынға бөлінген уақыт мезгілінде де шұғылдануға болады. Бұл ынтаны игеріп, сурет салу дағдыларын қолдануда баланың шығармашылығын қолдан отыруға мүмкіндік жасау кажет. Жалпы келгенде, бейнелеу өнерін стандарт бойынша үш топқа бөлемін.

#### Әдіс-тәсілдер.

Осы бойынша үйымдастырылған іс-әрекетінде тәрбиеленушілердің дарындылығын дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамын.

Күммен сурет салу;

Бір басылым;

Бастырма;

Нұктелі арқылы сурет салу;

Әртүрлі заттарды пайдалану арқылы далаппен сурет салу;

Сия тамшысымен саусақпен сурет салу.

## «Жіп» графикасы тіс пастасы

Бейнелеу әрекеті үрдісінде балалар бірқатар іскерліктер мен дагдыларды менгеріп, заттар мен коршаған әлем күбылысын талдауға үйренеді. Бейнелеу іс-әрекеті барысында тәрбиенің сенсорлық ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік алуан түрлі жақтары жүзеге асырылады. Бала ақыл-ой операцияларының негізінде өз жұмысының иттихесін ойша елеестеп алыш, содан кейін әрекет ете бағтайды. Олар іс-әрекетке кірісер алдында өздерінің қалыптаскан түсініктерінің негізінде ақыл-ойдан алға қойған міндеттерін шешу үшін оны жүзеге асырудың әдістерін іздестіреді. Бала бойындағы шыгармашылық кабілетті дамытуда оған педагогикалық басшылық қажет. Қозғе қорсете отырып, оның қалай салатының және оңайдан қынга, қарапайым түрден күрделіге ауысу жолын қарастырып отырамын.

Сурет салу кезінде бала әртүрлі сезімде болады: куанады, ойынан шықпай қалса ренжиді және т.б. кейбірі табыска қол жеткізуға талпынады, кейбірінін қызыгуышылығы басым болады. Осы кезде тәрбиешінің сезімталдықпен қарал көмек қорсетуі қажет. Сурет салған кезде бала үйренеді, коршаған орта туралы түсінігі тереңдеп нығая түседі. Баланың психикалық дамуында бүнүң маңызы зор. Яғни, бір затты бейнелей отырып бала оның сюжетін жасайды, ол туралы өз сезімін қорсетеді.

Бұл жерде Аристотельдің мына сезін есте ұстау қажет.  
**«Сурет салу баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайды».**  
Мектепке дейінгі жастағы бала шыгармашылығы дегеніміз – сурет, жапсыру жұмысы, ойын, би, бейнелеу қимылдары, дауыс ыргағын салу болып есептеледі. Осы өнер түрлерінде баланың өз белсенділігін дамытуға аса назар аудару керек. Бала шыгармашылығын дамыту үшін оларға дәғдышын қалыптастыру қажет. Яғни сурет салу сабактарында мектепке дейінгі жастағы балалар көркем материалды ұқыпты пайдалануға үйренеді. Еңбек қызметінің мәдени дагдыларын қалыптастырады.

Мысалы, болашақ суретті жоспарлау, жұмысты жасау барысында өзінің іс-әрекеттерін бақылап отыру. Сапалы жұмыс жасау талабы балалардың алға қойған мақсаттарға жете алатындығын, яғни табандылығын, қандай да бір қындықтарға төтеп бере алатын ерік-күшін қорсете алады.

Ал ұжымдық сурет салу кезінде балалар өзара тіл табысу тәсілдерін үйренеді. Сурет салу барысында олар өз бетімен екі-үш бояудың ішінен бір түсті құрастырып шыгара алады. Тәрбиеші балалардың эмоционалдық күйін қалыптастырып, өз жұмысында бейнені өз бетімен жеткізу тілегін оятады.

Мысалы, қыс мезгілінің көрінісін суреттің салар алдында алдымен қыс мезгілі туралы суретке қарап әңгімелеп береді және қыс мезгілі туралы тақпақ немесе өлең айтып беруге де болады. 2-3 жастағы балалардың суреттерінде де алдын-ала ойластырылған бейне суреттер шығып жатады. Еріксіз шыққан форма-сызықтар және әртүрлі жасаған пішіндері де бір заттың бейнесін көлтіріп тұрады (үйшік, үшак, доп, т.б.). Егер де бейнелік қызмет жаңа немесе дәстүрлі емес жағдайларда отсе, балалардың қызыгуышылығы арта түседі.

**Бірінші кезең** – пайда болу, даму, ойына алған затты бейнелеуге ұмтылу кезеңі. Бала жас болған сайын оның орындаушылық ықыласы тұрақсыз болады. Үш жастағы балалардың тек 30-40 пайзызығана ойына алғандарын алмастырып алады, айтқан затынан басқасын бейнелеп кетеді. Қолына қарындаш алған соң

жасай алмайтынын біліп бас тартады. Бала есейген сайын оның мінезі тұрақталып, тәжірибесі молайып дагдылана түседі.

**Екінші кезең** – бейнелеу процесінің пайда болуы. Тапсырманың тақырыбын бергеннен соң баланың бейнелеу бағытын өзі табуына ықпал жасау керек. Бұл кезеңде бала ез қабілетін өзі басқаруга, жұмыс құралдарын (қылқалам, карындаш, түрлі-түсті бояулар) пайдалана білуге үмтүлады.

**Ушінші кезең** – алдыңғы екі кезеңмен тығыз байланысты, яғни жалғастыру және аяқтай білу. Бала жұмысын талдау, карау, оған өздерін қатыстыра отырып бага беру, олардың бойында сенімділікті, белсенділікті дамыту. Мінекей осы үш кезең арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыта отыру керек. Сурет салу барысында балалардың ой-өрісін жетілдіре аламыз, яғни дидактикалық ойындар арқылы да дамытуға болады. Балалардың танымын, зейінін және бейнелеу енерінің мәнерлеу құралдарын жесіл менгеріп, көркемдік талғамын арттыру. Кіші топтарда түсті заттың белгісі ретінде қарай отырып, қандай түспен нениң суретін салуга болатынын айтқызыса, жоғарғы топтарда, мысалы: «Жасыл түсті бояумен нениң суретін салуга болар еді?» деген ойын тапсырмалар беріледі. Бала тікелей суретін салып көрсетеді. Іс-әрекетке бағыттауга арналған көрнекілік жолақша орнына кез келген түстерді көре алатында заттар: түрлі-түсті сакиналар, таяқшалар, карындаштар, орамалдар, жалаушалар, т.б. колдануға болады. Осы әрекетке байланысты жоғарғы топтың балаларына бос уақыттарында өзі жақсы көрсетін ойыншықтарының немесе өз жақсы көрсетін топтагы балалардың суретін салуды ұсына отырып, түсті баланың психикалық көңіл-куйіне байланысты калай қабылдайтынын анықтау керек. «Кім тез жинайды?» ойынын үйымдастыру барысында балалардың сурет арқылы қабылдаудын, заттың түр-түсін, пішінін, көлемін бейнелседегі шеберліктерін жетілдіру үшін дербес әрекет етуге дағдыландыру қажет.

Бул ойында бейнелеудің әсерлі құралдарының бірі – түстерін ажыратада білуге үйрету. Яғни, мысалға, кекеністер мен жемістердің суретін салуда сопакша, дөңгелек пішіндерді көз мөлшерімен беруге болады. Осы сиякты тағы да сурет салуга байланысты әртүрлі дидактикалық ойындарды ойнату арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға болады. Сонымен сурет салу сабагы – арнаіы бейнелік таным-түсінік. Бейнелеу енері әртүрлі қиял-гажайып сезімдерге де болейді.

1. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Балауса» ортанғы тобының тәрбиешісі А.Амирбекова «Тәрбиленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін калай дамытамын» тақырыбында шығармашылық есебін берді.

Балалардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары. Абай атамыздың «Әннің де естісі бар, есепі бар» дегендегі, музыка – адаминың жан серігі, куанғанда бой сергітіп жігер косар жайсан жанр. Музыканың адам өміріндегі мәні ерекше. Музыкаға деген сүйіспеншілік, баланың музыкаға жетік болу қабілеттері тұа бітпейді, ол есу, даму процесінде қалыптасады. Музыка адамды шаттыққа бөлеп мүң зарын сейілткен. Музыканың әсер ықпалының күштілігі соншалық, ол адамдардың мінез - құлқымен салт-дәстүрінде өзгерте алады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін қытайлық тарих танушы, музыка зерттеушісі Сыма Цянның мына пікірін еске алайык: «Дүниеге келген адам өміршен рухты, жүрек пен сананы еншілеп туады. Ал қайғы мен шаттық, ашу мен куаныш

**болса түа бітетін қасиеттер емес, мұның бәрі де сыртқы әсерге деген адам сезімінің өзгеруі ғана, адам бойындағы сезімді қалыптастырытын да сол сыртқы әсерлер».**

Жас балғындар алғашкы сабактан бастап ұлттық өнердің сан-сапалы түрлерімен танысады. Музыка пәннің басака пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен баланың кабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де окушыларды бейімдеу, кабілетін дамыту, музықага деген қызығушылығын арттыру, жақсы үйымдастырылған сабакка байланысты. Сондықтан окушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабакта тақырыпқа байланысты, музыка түрлерінің шығу тарихы, музыка түрлері дамыған елдерде, музыка әр саласындағы белгілі композиторлар өмірімен Қазақстандағы алем елдеріндегі композиторлармен музыка жүлдиздары тағы басқа, музыка туралы толық мәліметтер беріп отыру. «Туганда дүние есігін ашады өлең» - деп Абай атамыз жырлагандай шыр етіп дүние есігін ашқан нәрестеге өмірінің алғашқы күндерінен бастап - ак музыка әсер етеді. Ең алғашкы анасының әлді, бесікке таянып айтқан ананың бесік жыры бөбектің жанын тынышталдырып тәтті үйқыга кетуіне әсер етеді.

### **Балалардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары.**

Абай атамыздың «Әннің де естісі бар, есері бар» дегендегі, музыка – адамның жан серігі, куанганда бой сергітіп жігер қосар жайсан жанр. Музыканың адам өміріндегі мәні ерекше. Музықага деген сүйіспеншілік, баланың музықага жетік болу қабілеттері түа бітпейді, ол өсу, даму процесінде қалыптасады.

Музыка адамды шаттықша белеп мұң зарын сейілткен. Музыканың әсер ықпалының күштілігі соншалық, ол адамдардың мінез - күлкімен салт-дастүрінде өзгерте алады. Сөзіміз дәлелді болу үшін қытайлық тарих танушы, музыка зерттеушісі Сыма Цянъныйң мына пікірін еске алайық: «Дүниеге келген адам өміршен рухты, жүрек пен сананы еншілеп туады. Ал қайғы мен шаттық, ашу мен куаныш болса түа бітетін қасиеттер емес, мұның бәрі де сыртқы әсерге деген адам сезімінің өзгеруі ғана, адам бойындағы сезімді қалыптастырытын да сол сыртқы әсерлер». Жас балғындар алғашкы сабактан бастап ұлттық өнердің сан-сапалы түрлерімен танысады. Музыка пәннің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар.

Мұнда негізінен баланың қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де балаларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музықага деген қызығушылығын арттыру, жақсы үйымдастырылған іс-әрекетке байланысты. Сондықтан балалардың музықага қызығушылығын арттыру барысында музыка түрлерінің шығу тарихы, музыка түрлері дамыған елдерде, музыка әр саласындағы белгілі композиторлар өмірімен Қазақстандағы алем елдеріндегі композиторлармен музыка жүлдиздары тағы басқа, музыка туралы толық мәліметтер беріп отыру кажет. «Туганда дүние есігін ашады өлең» - деп Абай атамыз жырлагандай шыр етіп дүние есігін ашқан нәрестеге өмірінің алғашқы күндерінен бастап - ак музыка әсер етеді. Ең алғашкы анасының әлді, бесікке таянып айтқан ананың бесік жыры бөбектің жанын тынышталдырып тәтті үйқыга кетуіне әсер етеді.

Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты ырымдар «Шілдехана», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» т.б. бәрі де әнсіз, өлеңсіз, жырсыз етпеген. Бала өмір бойы ән ыргагына бөлсөніп жүреді. Міне, осындағы сыртқы органдың әсерінен бала бойында

әдемілікке, әсемдікке деген сезім күй қалыптасып, эмоциялық әсер нарестені ерте бастаң музықага баулуға, эстетикалық тәрбиенің белсенді көмекшісі стүге мүмкіндік тузызады.

Ана әлдін бойына сініріп өскен сәбі тәй-тәй қадам басқаннан - ак балабақша есігін ашады. Сол балага музикалық эстетикалық тәрбие бере отырып, жан-жакты жеңе тұлғаны дамытудың алғашқы баспалдағы балабақшада жалғасады.

Балалардың кабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды.

- Біріншіден, кез-келген оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинакталған тәжірибесін менгерсе екіншіден, кез келген бала шығармашылық орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы - ол баланың өзін - өзі қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жана әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздін оймызыша, мектеп жасына дейінгі балалардың кез-келгені шығармашылық тапсырмаларды шешуді табыспен менгере алады. Тек ол жұмыска дұрыс басшылық, шебер үйымдастырушылық қажет. Осылан орай, галымдар жүргізген тәжірибе барысында, білім мазмұнында баланың шығармашылық кабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, бағдарламалық мазмұннан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент жүргізу, мәтінмен, сыйзамен, суретпен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей шығару т.б. сиякты баланы іскерлікке дербестікке баулитын, ойына тұртқи болып, шығармашылық жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым - катынаска түсіретін, «жаналық ашын», оның нағиесінің «қызығына» белейтін әдіс - тәсілдер мен мазмұндық ойындар, ызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отыруы біз көтеріп отырган мәселені нағиесінде ететіні

Музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы үйымдастырылған іс-әрекетті жаңаша үйымдастыру, балалардың күзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы балаларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейді.

Жаңа әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады.

Осы бағытарда жаңа технологияларды пайдалану, оқу процесінің жаңаша түрде үйымдастыру қажет.

Жас үрпакка эстетикалық тәрбие беріл, олардың бойына туған өлкесіне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сініруде үлттық музыка мәденистінің алатын орны ерекше екендігі белгілі. Халқымыздың осы мақсатын қайта жандандыру мақсатында балаларды кабілетіне қарай, - жыраулық өнерге, терме айтуга, шешендікке тапқырлыққа, айттыс өнеріне үйретуде музыканың алатын орны орасан зор. Музыка арқылы ойын технологиясын қолдана отырып, материалды тез менгеруге, музикалық шығармаларды қабылдауга, әуенде ести білуге үйретуге болады.

Музыка сабагында да ойынның маңызы зор. Сондай ойындардың бірі – «Ойлан, тап!» жүмбақ ойыны. Жүмбақ ойынды қолдану арқылы балалар аспаптар түрлерін, күрілісін ажыратады. Музикалық ойындар баланың музықага деген күлшішінің, қызығушылығын гана арттырып коймай, есте сактау, ойлай білуге, ажыратады, салыстыра алуына әсер етеді,

бүтінгі таңда дидактика саласындағы негізгі мәселелердің бірі – білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр.

Музыка сабагында дәстүрлі емес, сайыс, ойын, кіріктірілген сабак, саяхат, аралас сабак түрлері өткізіледі. Ойын адісі арқылы дидактикалық ойындарға баланың танымдық ынта- ықыласын күштейтіп, оқудың киын процесін жесілдету көзделеді.

Баланы музыка тыңдауга да, тыңдай отырып оны сапалы түрде кабылдауга баулу музыкалық тәрбие беру жұмысындағы міндеттердің бірі. Баланың жеке басын жан – жакты дамыту эстетикалық тәрбиенің аламгершілік, ақыл – ой, дене тәрбиялармен езара тығыз байланысы арқасында камтамасыз етіледі.

Корыта айтканда, жақсы ән мен сазды музыка – жан азығы. Әсем ыргакты жан тербетер ән, музыка тыңдаған адамның жүргегі жай тауып ерекше сезімге, қуанышка беленеді.

Рухани қазынаның мәлдір бастау бұлағынан нәр ала білген бала адамгершілік пен асыл қасиеттерді бойына сініріп еседі.

«Әнге ауес, күйтеге құмар бала – жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі» М. Әуезов.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша орталық әдіскері Г.Бейсеева «Сурет салу техникасы» бойынша тәрбисшілермен семинар- практикум түрінде шебер сынып өткізді.

Максаты: Бейнелеудегі мектепке дейінгі балалардың шығармашылық ойы мен киялдың дамытудағы шығармашылық белсенділігін аттырудың дәстүрлі емес тәсілдердің маңызын ашу. Орталықтагы үйірмелер жұмысының өзектілігін көрсету. Педагогтарды дәстүрлі емес бояудың сан алуандылығымен таныстыру. Әрбір күнгі жұмысымыз «Бала ушін, баламен бірге, баланың мүмкіндігіне сай» болуы қажет.

«Балалық шақ адам өміріндегі манызды кезеңі, келешек өмірге дайындық емес, нақты, жарқыраган, ерекше, қайталанбайтын өмір. Балалық шағының өтілуінен, баланың балалық шағында қолынан жетелеген адамынан, коршаган ортадан онын ойы мен жүргегіне не үялатканнан - бүгінгі бөбектеріміз кандай адам болатынын көруге болады». (В. А. Сухомлинский)

Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру – қазіргі кезеңдегі педагогикалық теория мен тәжірибелің маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді.

А. Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының үшінда. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жілттер тарайды. Баланың қолында негұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Педагогтардың пайымдауы бойынша-барлық балалар дарынды. Сондықтан дарынын уақытында байқап, сезіп, тәжірибесінде, нақты өмірінде қолдануға мүмкіндік тұғызу қажет. Ересектердің көмегімен көркемдік- шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жана туындылар жасайды (сурет, жапсыру). Қайталанбайтын туындыларды ойластыру барысында ол әрқашан заттың жасалу тәсілдерімен тәжірибе жасайды.

Мектепке дейінгі жастағы бала өзінің эстетикалық дамуында каранайым көрнекі- сезімдік әсерінен түпнұсқалық кейіптің жасалуына бейнелеу-мәнерлеу әдістері арқылы өтеді. Сондықтан оның шығармашылығының негізін қалау керек.

Негұрлым бала жақсы көрсе, естісе, күйінсе, соғұрлым киялдау әрекеттері маңызды және нәтижелі болады.

Мектепке дейінгі балалармен жұмыс барысында мен бейнелеу әрекеттерінің інтижелеріне назар аудару қажет. Балалар келесі белгілер бойынша жақсы інтижелер көрсете алады:

- Штрихтау икемділігі, түрлі түсті қарындаштармен әр түрлі сзықтарды тартуы;
- Жінішке және жуан қылқаламмен бояуды жага білуі;
- Негізгі түстердің, бояудың реңктерін танып, оларды араластыра білуі;
- Үлгі мен дақты жұмыста қолдана білуі;
- Өз жұмыс орнын жинай білуі;

Сонымен қатар балалардың кейбір тәмен кабілеттерін де байқауга болады:

- Сабак барысында, жауап айткан кезде өзіне деген сенімсіздік пен бөгеліп қалушылық;
- Өздігінен бейнелеу құралдарын тандауда, суретті паракка орналастыруды әректеіздік;
- Дағтурлі емес бояу әрекеттерін колдану кезіндегі жаңғалактық;
- Бейнелеу құралдарымен тәжірибе жасау;
- Танымал сурет салу әдісінде педагогтың анық түсіндіруін күту;
- Киялын, көркем шығармашылығын байқату;
- Суретке жеке көзқарасын жеткізу;

Қорытындылай келе, балаларға өзіне деген сенімділік, елестеу, дербестік жетпейтінін байқалады. Осы мәселелердің шешімін табу үшін әдістемелік әдебиеттерді тереңдете оку қажет. Тәрбиеші балалардың шығармашылық даму ерекшеліктерін ескере отырып олардың өзгешілігін байқау, әдепті түрде баланың дербестігі мен ықыласын колдауы қажетті дағдыларды менгеруіне әрекет жасауы тиіс.

Әсіресе балалардың ой-өрісін дамытуға, өзгеше ойлауга, шығармашылық белсенділігін арттыруға көмектесетін дағтурлі емес бейнелеу тәсілдері қызықтырады.

Психолог Фалия Зейнуловнаның айтуынша «Сурет бала үшін өнер емес, ол тіл. Сөзben айтып жеткізе алмаганын, сурет арқылы жеткізуге мүмкіндігі бар.

Бейнелеу барысында онтايлының бәрі екінші орынга кетеді, тыйым мен шектеулер болмайды. Бұл уақытта бала мүлдем еркін.» Дағтурлі емес бейнелеудің жолдары өзгеше құралдар мен материалдардың байланысуын көрсетеді.

Әрине, бұл техникалардың құндылығы оның жан-жакты пайдалануында.

Оның жасалу тәсілдері балаларға да, ересектерге де қызықты және қолайлы.

Сондықтан да дағтурлі емес әдістер балалар үшін тартымды, өйткені өзінің киялын, ықыласын, ойын толық білдіруге үлкен мүмкіндіктер береді.

Семинар – практикум барысында қолданылған тәсілдер:

- Дағтурлі емес бейнелеу техникалары.
- Жартылай құрғак қылқаламмен турут
- Суреттеу құралдары: реңктің ерекшелігі, тұс

Қажетті заттар: катты қылқалам, гуашь, кез келген түсті және пішінді қағаз, немесе жалбыраган немесе тікенді жануардың нұсқасы.

Бейненің жасалу тәсілі: бала гуашка қылқаламды малып, қағазға оны тігінен согады. Жұмыс барысында қылқаламды суга малмайды. Осылайша түтел қағаз, пішін немесе сұлба толтырылады. Жалбыраган немесе тікенді бет тәрізді шығады.

Саусактармен сурет салу:

Суреттеу құралдары: дақ, нұкте, қысқа сзық, тұс.

Қажетті заттар: ыдыстагы гуашь, кез келген түсті катты қағаз, кішірек қағаз беттері, сұрткіш.

Бейненің жасалу тәсілі: бала саусағын гуашка малып, қағазға дактар мен нүктелерді салады. Эр саусаққа түрлі түсті бояу жағылады. Жұмыс жасап болған соң саусактарды сұрткіштермен сұртеді. Қолы оңай жуылады.

Алақанмен сурет салу:

Суреттеу құралдары: дак, тұс, киял пішін.

Қажетті заттар: гуашь күйілған кең табакшалар, түрлі түсті катты қағаз, үлкен қағаздар, сұрткіштер.

Бейненің жасалу тәсілі: бала гуашқа алақанын малады (тольк алақанын) немесе қылқалам арқылы алақанын бояйды (5 жастан бастап), содан соң қағазға алақанын бастырады. Түрлі тұске боялған он және сол қолымен салады. Жұмыстан соң сұрткіштермен алақанын сұртеді, сосын алақандары оңай жуылады.

Қағазды домалату:

Суреттеу құралдары: фактура, көлем.

Қажетті заттар: қағаз майлықтар немесе екі жакты түсті қағаз, табақшага күйілған ПВА желімі, катты қағаз немесе түрлі түсті картон.

Бейненің жасалу тәсілі: бала қағазды қолымен жұмсақ болганиша умаждайды. Одан дөңгелек жасайды. Мөлшері кішкентай (жидек) немесе үлкен (бұлт, аккаланың денесі) болуы мүмкін. Содан соң қағаздан жасалған дөңгелек желімге малынып катты қағазға жапсырылады.

Балауыз борлар+акварель:

Суреттеу құралдары: тұс, сзық, дак, фактура.

Қажетті заттар: балауыз борлар, катты ак қағаз, акварель, қылқаламдар.

Бейненің жасалу тәсілі: бала ак қағазға балауыз борлармен сурет салады. Содан соң акварель бояуымен бір немесе бірнеше түспен суретті бояйды. Балауыз бордың ізі боялмайды.

Жапыракты таңбалау:

Суреттеу құралдары: фактура, тұс.

Қажетті заттар: қағаз, гуашь, түрлі ағаштардың жапырактары, (түсіп қалған), қылқалам.

Бейненің жасалу тәсілі: бала ағаштың жапырактарын түрлі түстерге бояйды, сосын боялған жағымен қағазға таңбалайды. Келесіде басқа жапырак алғынады.

Жапырактың тубін бейнелеп аяқтауга болады.

Түрлі техникаларды пайдалану барысында балалардың мүмкіндіктерін анықтауга болады. Олардың бояуларды қолдануда дәстүрлі емес техникаларды игеруге икемдері бар екендігіне көз жеткізуге болады.

Балалардың барлығы сурет салғанды үнатағы. Олар үшін шыгармашылық-жан-сезім әрекетінің бейнесі. Сезім, ақыл-ой, көздері мен қолдары- жаңының құралдары. Әлемнің сұлулығы мен үндестігімен кездесіп, масаттану мен куанышқа белснұ сезімін бастан кешіп, олар өзінің көзқарасын қағазға таңбалап «ғажап мезетті тоқтату» ықыласына беленеді.

Шыгармашылық зорлық пен қысым бар жерде күн көре алмайды. Ол еркін, жарқын және кайталанбас болу керек. Қарындаштарымен, фломастерлерімен, бояуларымен қоштаспай бала өзі байкамай-ак бакылауга, салыстыруга, ойлауга, киялдауга үйренеді.

Балага қарындаштардың, фломастерлердің, каламның және қылқаламның қағаздағы қалдыратын іздері үйреншікті және танымал, ал мөр мен сұлбаны

салудагы саусактары мен алаканының қолдануы қызыктырады. Бейнелеу әрекетін үйымдастырудагы дәстүрлі смес тәсілдер балаларды қызыктырады және масаттандырады, қызыкты іспен айналысуға жетелейді. Тұпнұсқалық сурет салу баланың шыгармашылық мүмкіндігін ашады, бояуды, оның мінезі мен көзіл-күйін сезінуге ынталандырады. Кішкентай суретшінің үсті-басы былығын қалуы корқынышты емес, негізгі – ол бояулармен тілдесуден ләззаттанып, өзінің еңбегінің жетістіктеріне қуануы.

Әдістердің түрлілігі балалар жұмыстарындағы кейіп бейнелілігіне ықпалын тигізді. Балаларға бейнелеу әдістерін менгеру жас ерекшеліктеріне сай күрастырылған жағдайда шынайы қуаныш сыйлайтыны шексіз. Олар ерекше көзілмен ауада ұшып жүрген күзі жапырақтарды, жерге дыбыссыз тускен карды дақ, жагу, штрих арқылы қайта-қайта бейнелейді. Балалар батылдықпен бейнелеу куралдарын таңдайды, өз таңдауының сан түрлілігі мен салдары корқыныш тудырмайды. Орындалудың әдіс-тәсілі оларды ракаттандырады. Балалар кимылдарды қайта-қайта орындағылары келеді. Негұрлым кимылдары жақсы орындалса, соғұрлым өз жетістігіне қуанып, үлкендердің назарын аударып, жұмысын сүйсінс орындаиды.

**Сөз сейлегендер:**

1. Тәрбиеші Н.Куат өз сезінде бүгінгі педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі қойылған мәселелер ете тиімді, үйренеріміз көп. Сондыктan күнделікті жұмысымызда балалардың шыгармашылық қабілетін дамыту жөнінде ете көп магұлмат алдық.

**Қаулы етті:**

1. Орталықта балалардың шыгармашылық қабілетін және шыгармашылық ізденісін дамыту жақсы жолға қойылсын.
2. Барлық топ тәрбиешілері өздерінің шыгармашылық есептері бойынша семинар-практикум еткізу жоспарлансын.

Тәраймы  
Хатшысы

Г.Е.Бейсеева  
Б.Сейткәрім